

Ей, мұсылмандар! Біреу бай болса, біреу кедей болса, біреу ауру, біреу сау болса, біреу есті, біреу есер болса, біреудің көңілі жақсылыққа мейілді, біреудің көңілі жаманшылыққа мейілді - бұлар неліктен десе біреу, сіздер айтасыздар: құдай тағаланың жаратуынан яки бұйрығынша болған іс деп. Жә, олай болса, біз құдай тағаланы айыбы жоқ, міні жоқ, өзі әділ деп иман келтіріп едік. Енді құдай тағала бір антұрғанға еңбексіз мал береді екен. Бір құдайдан тілеп, адал еңбек қылып, пайда іздеген кісінің еңбегін жандырмай, қатынбаласын жөндеп асырарлық та қылмай, кедей қылады екен. Ешкімге залалсыз бір момынды ауру қылып, қор қылады екен. Қайда бір ұры, залымның денін сау қылады екен. Әке-шешесі бір екі баланың бірін есті, бірін есер қылады екен. Тамам жұртқа бұзық болма, түзік бол деп жарлық шашып, жол салады екен. Түзікті бейішке шығарамын деп, бұзықты тозаққа саламын деп айта тұра, пендесінің біреуін жақсылыққа мейілдендіріп, біреуін жаманшылыққа мейілдендіріп, өзі құдайлық күдіретімен біреуін жақсылыққа бұрып, біреуін жамандылыққа бұрып жіберіп тұрады екен. Осының бәрі құдай тағаланың айыпсыз, мінсіз гафур рахимдығына, әділдігіне лайық келе ме? Жұрт та, мүлік те - бәрі құдайдың өзінікі. Бұл қылғанын не дей аламыз? Өз мүлкін өзі не қылса қыла береді. Оны айыпты болады дей алмаймыз десең, ол сөзің құдай тағаланың айыбы, міні жоқ емес, толып жатыр, бірақ айтуға бата алмаймыз дегенің емес пе? Олай болғанда, пенде өз тырысқандығыменен не табады? Бәрін қылушыға қылдырушы өзі екен. Пенде пендеге өкпелейтуғын ешнәрсе жоқ. Кім жақсылық, кім жамандық қылса дағы құдайдан келген жарлықты қылып жүр екен дейміз бе? Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз деген екен. Және де әрбір рас іс ақылдан қорықпаса керек. Жә, біз енді ақылды еркіне жібермесек, құдай тағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады? «Мені таныған ақылменен таныр» дегені қайда қалады? Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң, діннің өзі неден болады. Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады? Жоқ, сен жақсылық, жамандықты жаратқан - құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан - құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан - құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, наньп ұқсаң болар, әйтпесе - жоқ.



ТҮРКІСТАНДА БИЫЛ ТЕНДЕСІ ЖОҚ ТУРИСТІК КЕШЕН АШЫЛАДЫ

Шығыстың шырайы атанған Түркістан қаласы Ұлы Жібек Жолы бойындағы өркениет ордасы болған. Сан ғасырлар бойы өзінің құндылығын жоймаған шаһар бүгінгі күнге дейін сақталған тарихи-архитектуралық ескерткіштерімен туристерді көптеп тартуда. Облыс орталығы атанған киелі мекеннің келген қонақтарға одан әрі тартымды ету үшін бүгінде шаһарда құрылыс қарқынды жүруде. «Батыс Қытай - Батыс Еуропа» халықаралық дәлізінің бойында орналасқан Түркістанда әлемде теңдесі жоқ туристік кешен бой көтеруде. Заман талабына сай қонақ үйлер, кез-келген Еуропалық туристерді бей-жай қалдырмайтын шығыс базары, мейрамханалары бар көпфункционалды «Керуен - сарай» туристік кешенде жасанды көлі де болады. Бұл кешеннің көркін айшықтай түсері анық. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында «Sembol

construction» түрік компаниясы қолға алған туристік кешен құны 39 млрд теңге болып отыр. Бірегей жобада көне шаһардың көрінісі сақталған. Құрылыс жұмыстарын биыл аяқтауға жоспарлап отырған нысан Түркістан шаһарының көркін арттыратыны сөзсіз. Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев өткен аптада теңдесі жоқ туристік кешеннің сондай-ақ, облыс орталығында жүріп жатқан әкімшілік, әлеуметтік нысандардың құрылыс қарқынын бақылады. Облыс басшысы Түркістан қаласындағы басқармалар ғимараты мен драма театры, Қ.А.Яссауи музейінің, Ұлы Жібек Жолы қолөнершілер Ұлттық орталығы ғимараттарының құрылыс алаңдарында болды. Құрылыс жұмыстары аяқталып қалған нысандарда ішкі әрлеу, техника мен жиһаз орнату және сыртқы абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.
Салтанат ТОЙБОЛОВА.

ШЫМКЕНТ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМІНІҢ ӨСІМІ БОЙЫНША КӨШ БАСЫНДА

Шымкент қаласы үшінші мегаполис атанар алдында жер көлемі 117 мың га ұлғайып ауылшаруашылық жерлері көбейді. Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында жылдан жылға ауылшаруашылық өнімі артып келеді. Соның ішінде «Қарапайым заттар экономикасы арқылы» қаржылай көмек алып, шаруасын дөңгелетіп отырған шаруа қожалықтары көп. Есепті кезеңде мал басы мен өнімділіктің өсуі байқалып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа арнаған «СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІ НЕГІЗІ» атты Жолдауында ауылшаруашылықты дамыту бойынша «Ауыл шаруашылығы – біздің негізгі ресурсымыз, бірақ оның әлеуеті толық пайдаланылмай отыр. Ел ішінде ғана емес, шетелде де сұранысқа ие органикалық және экологиялық таза өнім өндіру үшін зор мүмкіндіктер бар» дей келе «Ауыл шаруашылығы өнімін экспорттау ісінде шикізатқа негізделуден бас тарту керек» деп шаруашылықты даладан сөреге дейін Отандық өнім болуын қамтамасыз ету керектігі жөнінде тапсырма берді.

Шымкент қаласында осы жылдың бірінші жартыжылдығында ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 14,7 млрд. теңгені құрады. Бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,7 пайызға артық. Ауыл шаруашылығы өнімінің өсу қарқыны бойынша Шымкент қаласы республика бойынша бірінші орында. Бұл туралы ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының мамандары хабарлады.

Басқарма мамандарының сөзінше, ауыл шаруашылығы саласын дамыту бағытында жүйелі жұмыстарды жүргізу мен мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі артқан. Өндірілген өнім көлемінің ішінде егін шаруашылығы 1,6 млрд.



теңгені құраса, мал шаруашылығы 12 млрд. теңгеге жеткен.

Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында 4 217,3 млн. теңге бөлініп, 8 бағдарлама бойынша ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қолдау көрсетіліп келеді. Есеп беру кезеңінде оның 992,3 млн. теңгесі игерілген.

Айта кетейік, ағымдағы жылдың I-тоқсанында ауыл шаруашылығы саласында 6 мыңнан астам адам жұмыс жасаған.

Сондай-ақ, Шымкент қаласында ірі қара малдың саны өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 12,6 пайызға артып 82,7 мың басты, қой мен ешкі 5,7 пайызға артып 112,3 мың басты, ал құс 8 пайызға артып, саны 972,1 мың басқа жеткен.

Көрсеткіштердің өсуін шаруалар мал шаруашылығын қолдау мақсатында берілген субсидия және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасымен берілген қолдаудың нәтижесі деп біледі.

Қазірде жүйелі жұмыстарды жүргізудің нә-

тижесінде осы жылдың бірінші жартыжылдығында ет 1,5% артып, 8,4 мың тонна, сүт 2,8% артып, 25,7 мың тонна, жұмыртқа 23,1% артып 74,1 млн. дана өндірілді.

Мемлекеттен қаржылай қолдау алып ет бордақылау кәсібін дөңгелетіп отырған «Ет өнімдері КЗ» ЖШС-нің жұмысымен бүгін қала әкімі Мұрат Әйтенов арнайы барып танысты. Қаратау ауданы, Мөртөбе тұрғын алабында орналасқан шаруа қожалықтың жалпы аумағы 5,5 га құрайды. Сыйымдылығы 3 мың бастық бордақылау алаңында қазірде 1500 бастан аса ірі қара мал бордақыланып жатыр.

Мал бордақылау алаңының жұмысымен таныстыру барысында серіктестік иесі өткен жылы бұқашықтарды бордақылау құнын арзандату бойынша мемлекет тарапынан 148,1 млн. теңге көлемінде қолдау көрсетілгенін атап өтті. Сонымен қатар, 2020 жылы «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасымен 100 млн. тг несие алып, шаруашылығын кеңейтіп жатқанын жеткізді.

Бұдан бөлек, өкім аталған тұрғын алабында орналасқан ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеуші, негізінен сүт өнімдерін өңдеумен айналысатын «ЭМ-НУР» ЖШС-інде болды. Кәсіпорынның жылдық қуаттылығы 6 600 тонна сүтті қайта өңдеп, 550 тонна қатты ірімшік өндіруге бағытталған. Бұл кәсіпорын биылғы жылы 262 тонна қатты ірімшік өндірісіне - 87 987,3 мың теңге субсидия алған.

Сондай-ақ, қала әкімі аумағы 2,2 гектарды құрайтын «Иляев» ЖК өндірістік жылыжай кешенін аралап көрді. Кешеннің жылдық қуаттылығы 800 тонна қызанақ өндіруге бағытталған. Қазіргі таңда 600 тонна өнім жиналышты. Егілген қызанақ сорттары: «Мерлис» және «Пембе». Кәсіпкердің өндірістік жылыжай кешенінің құруға жұмсаған шығынына мемлекет тарапынан 139 256,0 мың теңге қолдау көрсетілген.

Мұрат Әйтенов салаға жауаптыларға жылыжайды ұлғайту үшін бағбанға қосымша жер беруді тапсырды.

Ұлжан НАУШАБАЕВА.

Тағайындау



Сәкен СӘРСЕНОВ -

ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары

Сәкен Сәрсенов ішкі істер министрінің орынбасары қызметіне тағайындалды, - деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

"Мемлекет басшысының өкімімен Сәкен Сейтжаппарұлы Сәрсенов Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары қызметіне тағайындалды", - делінген хабарламада.

Сәкен Сәрсенов "Қазпоштаны" 2017 жылдың ақпанынан 2020 жылдың шілдесіне дейін басқарған. "Қазпошта" басқармасының жаңа төрағасы болып ҚТЖ-ның бұрынғы басшысы Қанат Алпысбаев тағайындалды.

Шахмардан БАЙМАНОВ -

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы

Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығымен Шахмардан Асқарұлы Байманов ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалды.

Шахмардан Байманов 1984 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 2005 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін, 2012 жылы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясын тәмамдаған.

Еңбек жолын 2005 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ректорының жастар істері жөніндегі көмекшісі болып бастаған.

2007-2008 жылдары — Қызылорда облысының «Жастар бастамаларын дамыту орталығы»



қауымдастығының атқарушы директоры.

2008-2012 жылдары — «Қазақстан жастары конгресі» заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директорының орынбасары, атқарушы директоры.

2012-2015 жылдары — Ақмола облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы басшысының м. а.,

басшысы, жетекшісі.

2015-2017 жылдары — «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының төрағасы.

2017-2019 жылдары — Қызылорда қаласының әкімі орынбасарының міндетін атқарушы, қала әкімінің орынбасары.

2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарды.

Шыңғыс МҰҚАН -

Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары

Шымкент қаласы әкімінің өкімімен Мұқан Шыңғыс Жұмабекұлы қала әкімінің бірінші орынбасары болып тағайындалды.

Шыңғыс Мұқан 1984 жылы туған, білімі жоғары. Мамандығы бойынша экономист, аудармашы, мемлекеттік басқару магистрі. Ол Алматыдағы «Қайнар» университетін, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетін және «Болашақ» бағдарламасы бойынша Гарвард университетін тәмамдаған.

Еңбек жолын «Жас Алаш» газетінде тілші болып бастаған. Әр жылдары ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің баспасөз хатшысы, «Жайық-пресс» ЖШС-інің бас директоры, Батыс Қазақстан облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігінің ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі, Атырау облысы әкімінің орынбасары, KazPetroDrilling АҚ-ның корпоративтік даму бойынша вице-президенті қызметтерін атқарған.



Айбек СӘТТІБАЕВ -

Шымкент қаласы әкімінің орынбасары

Шымкент қаласы әкімінің өкімімен қала әкімінің орынбасары болып Президенттік Жастар кадрлық резервінің өкілі Сәттібаев Айбек Берікұлы тағайындалды.

Айбек Сәттібаев бүгінгі күнге дейін «Каспий» Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының басқарма төрағасының орынбасары болып жұмыс атқарып келген.

Айбек Берікұлы 1987 жылы туған, білімі жоғары. Мамандығы бойынша қаржыгер, мемлекеттік саясат магистрі. Ол Банк ісі жоғары мектебінің колледжінде, Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті мен «Болашақ» стипендиясы аясында Ли Куан Ю атындағы мемлекеттік саясат мектебінде білім алған.

Еңбек жолында Қазақстандағы түрлі банк мекемелерінде, Қаржы министрлігі, Қаржы мониторингі комитетінің бас маманы, сарапшысы, ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің стратегиялық жоспарлау басқармасының басшысы, Алматы қаласы әкімінің бас инспекторы, Алматы қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары, «Uly Dala» компаниялар тобы бизнесті дамыту жөніндегі директоры болып еңбек еткен.

«МӘДЕНИ АСТАНА» ЖЫЛЫ АЯСЫНДА 7 МӘДЕНИ ШАРА



Әлем жайлаған індет елімізді де айналып өткен жоқ. «Мәдени астана» атанған мегаполисте карантиннің салдарынан барлық жоспарланған шаралар онлайн режимде өтті. Дегенмен, әкімдік тарапынан барлық шараларды үй жағдайында тамашалауға толық мүмкіндік тугызды. Мұнымен жоспарланған жұмыс біткен жоқ, жыл соңына дейін өз жалғасын табатын тағы жеті шара ұйымдастырылуда. Бұл туралы өткен аптада ақпараттық-коммуникациялық орталығында Шымкент қалалық Мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының басшысы Рашид Мыңбаев брифинг барысында мәлімдеді.

Брифингте Р.Мамытұлы «Шымкент 2020 – ТМД елдерінің мәдени астанасы» жылы аясында өткізілетін шаралар және атқарылған жұмыстар жөнінде сөз қозғады.

– Елімізде енгізілген карантин режиміне байланысты «Шымкент – ТМД елдерінің мәдени астанасы» жылына орай іс-шараларды онлайн форматта өткіземіз. Бұл тамыз айында басталып, жыл соңына дейін жалғасады. Осы уақыт аралығында халықаралық 7 мәдени шара өтеді. Олар – ТМД елдері арасында халық

Спикердің сөзіне сүйенсек, елімізде төтенше жағдай енгізген уақыттан бері қалалық басқарманың 18 мекемесі тарапынан онлайн түрде 820 іс-шара өтіп, 63 бейнеролик дайындалып, 300 мыңға жуық көрермен тамашалаған. Бұл мәдени шараларға қаржы жұмсалмаған. Яғни, аталған басқармаға бөлінген қаржы індетке байланысты толық қайтарылған. Осы ретте басқарма басшысы «Шымкент қалашығы» (Цитадель) нысанын қайта қалпына келтіру және абаттандыру мен мұражайландыру жұмыстары аяқталып жатқанын алға тартып, күз айында бітетінін айтты. Салтанатты ашылу рәсімі онлайн форматта өтеді.

Баспасөз мәжілісінде белгілі болғандай, бүгінде қалада атауы жоқ 644 көше бар. Есепті мерзімде атауы жоқ көшелерге атау беру бойынша жалпы саны 381 ұсыныс жинақталып, құжаттары рәсімделіп, Республикалық ономастика комиссиясының қарауына енгізілген. Қалған атауы жоқ көшелер бойынша ұсыныс ағымдағы айда Республикалық ономастика комиссиясына жіберіледі.

«Айғақ»-ақпарат.

БІРІНШІ СЫНЫПҚА ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ ҰЗАРДЫ

Елімізде карантиндік режимнің ұзартылуына байланысты ҚР Білім және ғылым министрлігі бірінші сыныпқа құжаттарды қабылдау мерзімін 20 тамызға дейін ұзартады. Бүгінгі күні 350 мыңға жуық өтініш түсті. Олардың басым көпшілігі egov.kz «электрондық үкімет» порталы арқылы қабылданды.

Медициналық анықтамаларды алу кезіндегі қиындықтарға байланысты білім беру ұйымдарына құжаттар тапсыру кезінде оларды ұсынбауға уақытша рұқсат етіледі. Медициналық анықтамаларды мүмкіндік болған кезде тапсыруға болады.

Бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарының жазбаша өтініші бойынша, білім беру ұйымында жағдай болса, бірінші тоқсанда қатаң санитарлық шараларды сақтай отырып, кезекші сыныптардың жұмыс істеуі ұйымдастырылатынын естеріңізге саламыз.

Нұр-Сұлтан.



ТАБИФАТҚА ЖАНАШЫР БОЛСАҢЫЗ...

Енді кез келген азамат Ұлттық парктегі теріс әрекеттер, оның ішінде, ағашты заңсыз кесу, заңсыз балық, аң аулау, эко-бекеттерде түбіртек беруден бас тарту, парк қызметкерінің жұмысындағы олқылық және басқа да заң бұзушылықтар туралы фото және бейне қосымша арқылы тікелей хабарлай алады.

* Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті жедел желісінің нөмірі:

+7777 6785252.

Экология министрінің айтуынша, әрбір қоңырау бойынша тексеріс жүргізіліп, кемшіліктер түзетілетін болады.

ЖОО ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ 20-30% ӨСЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Ұлттық сенім кеңесінің отырысында берген тапсырмасына сәйкес ЖОО-дағы грант құнын өсіру туралы Үкімет қаулысы қабылданды.

Бұл шара ҚР БҒМ қарасты жоғары оқу орындарындағы екі мәселені шешуге мүмкіндік береді:

• жоғары оқу орындарындағы профессорлық-оқытушылық құрамның жала-

қысын өсіру;

• университеттердегі материалдық-техникалық базаны нығайту.

2019-2020 оқу жылында жоғары оқу орындарында оқытушылардың жалақысы орта есеппен 20 пайызға өскен болатын.

Ал, 2020-2021 оқу жылында оқытушылар жалақысы шамамен 21-32 пайызға дейін көтерілетін болады.

Елорда.

ҰШАУЫСЫМДЫ МЕКТЕПТЕР САНЫ АЗАЮДА

Еліміздің үшінші мегаполисі атанған Шымкент қаласының тұрғындар саны жылдан жылға өсуде. Осыған орай, халықтың әлеуметтік мәселесі де күрделене түсері анық. Соның ішінде бала санының көбеюіне байланысты мектепке деген сұраныстың артуы. Дегенмен, мегаполис билігі бұл түйткілдің түйінін біртіндеп шешуде. Мәселен, биыл Шымкент қаласында 6000 орындық тоғыз мектеп пайдалануға беріледі. Оның ішінде 5-і жаңа мектеп болса, 3-і қосымша құрылыс. Бұлардың қатарында Бекет бағыр-Ташенов көшелерінің қиылысында орналасқан 1 өнер мектебі де бар.

Нәтижесінде, апатты мектептер саны 2-ден 1-ге, үш ауысымды мектептер саны 19-дан 14-ке азаяды.

Жалпы, 2020 жылғы қалада 13 білім нысанының құрылысы жүрсе, оның ішінде 4 мектеп құрылысы келер жылға өтпелі. Карантиндік шектеулерге қарамастан Шымкентте салынып жатқан әлеуметтік нысандар құрылысы кестеге сай жүргізілуде. Жалпы нысандардың құрылысына 620 жұмысшы жұмылдырылған.

Сонымен қатар, Шымкент қаласының білім ұйымдарында ағымдағы жөндеу аяқталып, 15 мекемеде күрделі жөндеу, 17 мекемеде спорт алаңдары және 36 мектепке ішкі әжетханалар орнатылып, іске қосылды. Ал, мектеп парталары 18 000-ға жаңарып, соңғы үлгідегі бейне бақылау камералары мен 30 мектепке турниктер орнату жоспарлануда. Шымкент қаласының білім ұйымдары жаңа оқу жылын 222 мыңнан астам оқушымен бастағалы отыр. Бұл туралы білім басқармасының басшысы Жанат Тажиева жаңа оқу жылына дайындық барысы туралы өткен баспасөз мәслихатында мәлім етті.

Басқарма басшысының мәліметінше, бірінші сыныпқа 24 мыңнан астам оқушыны қабылдау жоспарланған. Бүгінге дейін 17 401 өтініш берілген. Құжаттар электрондық үкімет Egov.kz порталы және mектеп.shymkent.edu.kz сайты арқылы қабылданып жатыр.

«Шымкент қаласы жаңа оқу жылын 745 білім беру мекемелерімен бастағалы отыр. Олардың қатарында мектеп, балабақша, колледж бен қосымша білім беру мекемелері бар. Қаладағы 172 мектептерге 18 мың жаңа парта, соңғы үлгідегі бейне бақылау камералары мен 30 мектепке турниктер орнату жоспарлануда. Ал, білім мекемелерінің жылыту жүйелерін жөндеу, қысымдау жұмыстары толық аяқталды. Жеке қазандықпен жылытылатын 25 мекемеге 4 793 тонна қатты және 190 тонна сұйық отын тасымалдануда», - деді басқарма басшысы.

Жаңа оқу жылында 11-сыныптарды оқулықтармен 100 пайыз және қалған сынып оқушыларын қосымша кітаппен қамтамасыз ету үшін баспалармен толық келісім шарт жасалып, оқулықтарды тасымалдау басталған. Айта кету керек, кітаппен қамту жұмыстары 25 тамызға дейін жалғасады.

Сондай-ақ, қалада әлеуметтік көмекті қажет ететін 42 368 балаға «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында 30 мың теңге көлемінде бір реттік көмек беріледі. Бұл көмекті атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балалары және айлық күн көріс көрсеткіші төмен отбасылар алады. Ол үшін ата-аналар құжаттарын білім ұйымдарына ұсынуы керек. Ал жетім және жартылай, көп балалы отбасы балаларына мектептердегі қамқоршылықтың шешіміне сәйкес бір реттік көмек белгіленеді.

Басқарма басшысы сонымен қатар қажеттілікті қамту мақсатында 24 955 отбасыға компьютер берілетінін атап өтті.



Шымкент қаласының туризм басқармасының бастамасымен қамалды қалпына келтіру бойынша жобалық тобының қызметкерлерімен бірлесе «Ескі қалашыққа» гид-экскурсоводтарға арналған тест-тур өткізілді. Тур барысын-

тендіру картасының ТОП-50 нысанының тізіміне енгізілген.

Болашақта жоба туристерді тартатын орталыққа айналып, «Тәуелсіздік саябағы», «Ордабасы» алаңы, «Қошқар ата» өзені секілді жақын орналасқан

ЕСКІ ҚАЛАШЫҚ ТУРИСТЕНДІРУ КАРТАСЫ ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН

да экскурсоводтар қалашықтың негізгі нысандарымен танысып, алдағы уақытта жеке тәжірибесінде қолданатын ақпараттар алды.

Ескі қалашық «ҚР туристік саланы дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясындағы турист-

нысандармен бірлесе тартымды туристік дестинация ретінде қалыптасатын болады. Қазіргі таңда бұл ескі қалашықтың құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Онда амфитеатр, ежелгі мұражай мен галереялар бой көтеріп, қаланың көркіне айналады деп күтілуде. Туристер толастамайтын Ежелгі Римнің Колизейі секілді танымалдығын арттыру мақсатында біршама шаруалар атқарылуда. Қазіргі таңда салалық басқармамен нысан және жалпы кешен бойынша туристік маршрут әзірленуде.

Естеріңізге сала кетейік, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қалада археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, олар ежелгі және ортағасырлық қаланың даму динамикасын сипаттайтын қызықты мәліметтер берді. Сол арқылы қаланың қалыптасу уақыты да анықталды – б.з. д. 2 ғ., осылайша Шымкентке 2200 жыл.

Шымкент қаласы Қаратау ауданында биыл 39 көпқабатты үйдің қасбеті ретке келтірілуде. Бұл жұмыстарға сол үйлердің тұрғындарынан қаржы жұмсалмайды, бюджеттен де қаражат қаралмаған. Үйлердің қасбетін өрлеу бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында жүзеге асырылып отыр. Бұл туралы Қаратау ауданының әкімі А.Әліқұлов мәлімдеді.

Оның айтуынша, Асар шағын ауданында 2017 жылы пайдалануға берілген 30 көпқабатты үйде сыртқы өрлеу жұмыстары жүргізілуде. Нысанда 12 бригада жұмыс істесе, әр бригадада 8 құрылысшыдан тұрады. Үйлерді қаптауға өте сапалы «сайдинг» материалы қолданылып жатыр.

«Асар аумағы бойынша жалпы саны 30 көпқабатты үйде құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оның ішінде 18 үйдің құрылысы толық бітіп, 12 үйдің құрылысы 1 ай ішінде аяқталады. Көпқабатты үйлердің құрылысына 500 млн. теңгеден



ҚАЛАДА КӨПҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙДІҢ ҚАСБЕТІ ЖАҢАРУДА

астам қаражат жұмсалуда. Құрылысқа кеткен шығынның барлығын ЖШС «Ақ Ордасы» Корпорациясы» көтеріп жатыр», - дейді аудан әкімі.

Сонымен қатар, ол «Нұрсәт» шағын ауданындағы №18,19,20 көпқабатты тұрғын үйлердің сыртқы қасбеттерін ретке келтіру жұмыстары «Бесқұдық Тас» және «Арт Құрылыс» ЖШС тарапынан жүргізілсе, Ақжайық шағынауданы «Тұлпар» тұрғын үй кешенінде орналасқан 6 тұрғын үйдің қасбетін «Эристайл-Қазақстан» ЖШС –гі жүргізіп келеді.

«ІКОМЕК» ОРТАЛЫҒЫ – ТҰРҒЫНДАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН АРТТЫРУДА

Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтеновтың тапсырмасымен «iKomek» жедел қызмет ету орталығы ашылған болатын. Күні кеше қала басшысы орталықтың жұмысымен танысып қайтты. Қалада көрсетілетін қызметтердің тиімділігін арттыруда аталған орталықтың қосар үлесі мол екеніне сенім білдірген қала әкімі, мекеме шаһардағы күрмеуі шешілмеген көп мәселені анықтап, жедел әрі сапалы шешілуіне ықпал ететінін айтты.

«Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өз Жолдауында азаматтардың барлық өтініштіліктерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыруды айтқан болатын. Аталған орталықтың жұмысы - осы тұжырымдамада көрсетілген барлық азаматтардың өтініштеріне жедел және тиімді әрекет етуге бағытталуы тиіс», - деді қала басшысы.

Үшінші мегаполистегі қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында ашылған «109» бірыңғай телефон нөміріне бір ай көлемінде 7000-ға жуық қоңырау келіп түсіп, олардың 95 пайызы қанағаттандырылған. Орталыққа қазір негізінен карантин режиміне қатысты сауалдар келіп түсуде.

Қазіргі таңда орталықта жалпы 33 маман үш бағытта жұмыс істейді. Әуелі тұрғындардан келген өтініш-шағымдарды оператор қабылдап, одан әрі инспектор сұрақтың сапасы мен мазмұнын бақылап, атқарушы органдарға бағыттайды. Үшіншісі, тапсырманың орындалуын қадағалайды.

«iKomek» жедел қызмет ету орталығы тұрғындардың өтінішін күндіз-түні қабылдап, мемлекеттік жұмыстың қызметін ашық әрі қолжетімді етуді көздейді. Осыған дейін 30 мекемемен байланыста болса, енді қызмет көрсету аясын кеңейтіп, олардың қатарын 300-400-ге арттыруды жоспарлап отыр.

Бетті дайындаған: Ұлжан НАУШАБАЕВА.

ТАБИҒИ ГАЗ ТАПШЫЛЫҒЫН ТОЛЫҚ ЖОЮ ҮШІН ІРІ ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛУДА

Өткен аптада ақпараттық-коммуникациялық орталығында Шымкент қалалық Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Жұлшыбек Шайхсламов және орынбасары Нұрлан Жаманкөздің қатысуымен брифинг өтті.

Баспасөз мәжілісінде сөз алған басқарма басшысы атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты.

– Биыл басқармаға 19 бюджеттік бағдарлама аясында бюджеттен 50,9 млрд теңге қаржы қаралды. Яғни, республикалық бюджеттен 14,2 млрд теңге, ал жергілікті бюджеттен 25,8 млрд теңге бөлінді. Бүгінде қаржының 62%-ы игерілді. Бұл ретте атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталсам, ауыз су бойынша 30 нысан, оның ішінде Тұран, Шымкент сити шағын аудандарына ауыз сумен қамту үшін 5 ірі жоба Көмешбұлақ су имаратынан 4,48 км, 6,88 км және Ахунбаева-Гагарина 15 км құрайтын магистралдық суаққылары жобасы іске асырылуда. Ал көріз жүйесі бойынша 11 нысан, жылу бойынша 15 нысан, сейсмонығайту бойынша 12 нысан, инженерлік инфрақұрылым бойынша 16 нысан (Тұран ш.а. көшелер) мен Аэропорт 1,2 кезең, Триумф заводы және абаттандыру бойынша 13 жоба жүргізілуде. Сондай-ақ, электр қуаты бойынша (14 нысан) қаланың солтүстік және оңтүстік бөлігін сапалы электр қуатымен қамту үшін 3 ірі жоба 220 кВ «Бозарық», 110 кВ «1-М-1» және 110 кВ «Ақжар» қосалқы станса жобалары мен табиғи газ бойынша (8 нысан) қаланың табиғи газға тапшылығын толық шешу үшін «АГРС-3» газ станциясы ірі жобасы іске асырылуда, – деді Жұлшыбек Мұхтарұлы.

Спикерлердің сөзіне сүйенсек, жыл соңында көрсетілген 8 бағыт бойынша 68 нысанның (21 ауыз су нысан, 1 көріз нысан, 9 электр нысан, 1 табиғи газ нысан, 13 жылу нысан, 12 сейсмонығайту нысан, 11 абаттандыру нысан) құрылыс жұмыстары аяқталып, пайдалануға тапсыру жоспарлануда. Ал қалған 51 нысанның жұмысы 2021 жылға өтпелі. Сонымен қатар, жыл қорытындысымен индикатор көрсеткіштері ауыз сумен қамту 94,7%-дан 95,3%-ға, сапалы электр энергиясымен қамту 93%-дан 95%-ға өсу және жылу жүйелерінің тозу деңгейі 42,7%-дан 38%-ға дейін төмендету күтілуде.

Брифинг барысында жылу беру маусымына дайындық жоспары бекітіліп, бүгінде қызу жұмыстар жүріп жатқаны айтылды. Одан бөлек, БАҚ өкілдері тарапынан қойылған сұрақтарға жан-жақты жауап берілді.

Осыдан үш жыл бұрын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұсынылған «Қазақстанның киелі орындарының географиясы» анықталған болатын. Ұлттық музейі жанынан құрылған «Қасиетті Қазақстан» ғылыми зерттеу орталығы «Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары» жобасының 100 нысанының тізімін ұсынды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл тізім өңірлік комиссияның ұсынысымен және сарапшылар кеңесінің ғалымдары мен өлкетанушыларының пікірлерін ескере отырып құрастырылған. Оған Қазақстанның табиғи ландшафт объектілері, археологиялық және архитектуралық ескерткіштер, ерекше ардақ тұтатын діни нысандар

айтуымыздың себебін барлығымыз білеміз. Себебі, жер бетін топан су басқан тұста Нұх пайғамбардың кемесі үш таудың басына тоқтайды, соның соңғысы осы Қазығұрт тауының бір төбесі екені туралы аңыз халық арасында кеңінен таралып кеткен. Тоқтаған алып кемеден тіршілік иелері шығып, көбейіп жер бетіне тараған деген дерек те таңсық емес. Асан-Қайғы бабамыз жырлағандай «Қазығұрт – Алланың мейірімі түсіп, шапағатын шашқан тау екен, Нұх пайғамбардың кемесі қалып, бар қасиет бойыңнан табылғандай тау екенсің.

*Жемісі көп, жері көп,
Жер төресі мұнда екен.
Жігіті көп, ері көп,
Ел төресі мұнда екен»,* -деп сүйсінген тау.

Ықылым заманнан бері қанша ұрпақ



Суретте: «Бірлік» монументі

КИЕЛІ ЖЕРЛЕР ТІЗІМІНДЕГІ

және тарихи тұлғалардың және саяси оқиғалармен байланысты киелі орындары енген. Осы тізімдердің ішінде 15 нысан Түркістан облысын тиесілі. «Ерекше қорғалатын табиғи мұра ескерткіштері» санаты бойынша тізімге 9 орын енген. Оның ішінде Түркістан өңірінен Қазығұрт тауы мен Жылаған-ата үңгірі тізімде болса, «Ірі орта ғасырлық қалалық орталықтар және Қазақ хандығының астаналары» санатына Сауран қалашығы (XIII-XVIII ғғ.), Отырар қалашығы (I-XVIII ғғ.), Созақ қалашығы (X-XVIII ғғ.), Сайрам (Исфиджаб) қалашығы (XIII-XVII ғғ. тізімге енді. Сонымен бірге, аталған тізімге «Діни және габдат орындары» болып табылатын Қазақстанның 32 орны енгізілді: Қ.А.Яссауи кесене-кешені (Рабия Сұлтан Бегім кесенесі XV ғ., Үлкен Қылуат XII ғ., Күлтөбе (Ясы) қалашығы, Гауһар ана

үшін кие болған тау бүгінде туристердің көптеп қызығып отырған мекеннің бірі. Себебі, Талас Алатауының оңтүстік-батыс сілеміндегі аласа келген жота айналасында «Адам ата шоқысы», «Пайғамбар тоқтаған», «Пайғамбар саусағы», «Пайғамбар атының су ішкен жері», «Ғайып-Ерен қырық шілтен», «Маңсары өулие» сияқты аңыз жетегіндегі орындар бар болса, тау етегінде орналасқан кесенелер мен өулие-әмбейлерге толы мекеннің басты назар аударатын – Ақбура өулие кесенесі. Мұнда Қожа Ахмет Яссауидің замандасы, сондай-ақ шәкірті болған Ақбура өулие жатыр. Шын есімі – Ақтамберді. Өз заманында ақ бураға мініп, зікір салған адам болған екен. Сол үшін халық арасында Ақбура атанып кеткен. Қазығұртты мекендеп, Меккеге барып намазын оқыған өулие жайлы тылсым мәліметтермен қаны-

қан құдық – Жылаған ата аңызымен байланысты орын. Сондықтан, алғашқы дәмді осы судан таттық.

Құдық маңында екі бірдей V - VII ғасырларға тиесілі тас бетіне түскен бала табанының ізі жатыр. Бағыт үңгірге қарай бет алады. Үңгірдегі сарқырама Алланың құдіретімен Құран оқылғаннан кейін ғана ағады. Онда да барлық келушілерге емес, кейбіріне ғана өзінің қасиетті суымен сусын қандырады. 1,5 минуттан кейін сап тыйылатын болғандықтан осы аралықта бетіңізді суга бүркіп, дәмін алып үлгеруіңіз керек.

Жылаған ата бұлағы мен үңгірінің аңызын естіп, тарихын зерттемекке келген кеңестік кезеңнің археологтары нақты нәтижеге қол жеткізе алмаған көрінеді. Су құрамынан күміс иондарының көптеп кездесуі бірқатар ауруларға ем болса, жартастың ішіне енбек болып, тәжірибе арқылы тасты жарып, жарылыс жасауды көксегендерге көз алдында қаптап кеткен жыландар мен буралардың көрінісі кедергі келтіріпті-мыс. Аңызда айтылған асатаяқ ұстаған ерекше бала жоғарыдағы үңгірдің ішіне еніп кетіп, қайта шықпаған. Ал, жартасты құлай ағатын қасиетті су өкенең көз жасы деп балайды. Әрине, тылсым табиғаттың мұндай тартуы – туристерді көптеп тартуға мүмкіндік.

Геологиялық тұрғыдан қарасақ, қарт Қаратаудың бауыры химиялық элементтерге бай. Кеңестік кезеңде мұнда, болат та, қорғасын да, мырыш та, алтын да өндірілді. Бүгінгі күнде «Қазфосфат» өнімін алатын фосфордың көзі. Жылаған ата бұлағы мен үңгірін ұлылармен байланыстырсақ, жазушы Мұхтар Әуезовтің бабаларының құт мекені болған жер. Өйткені, арғы атасы Әуез өулеті Қарнақта тұрып, осы мекенді жаз жайлауы еткен. Рухани жаңғырумен бойымызға тараған ұлттық құндылықтарды дәріптеу жолында бір күнімізді осынау қасиеті қонған өлкеге арнадық. Сондықтан, жалқаулық мен менмендікті алдыңыздан ада етсеңіз, осынау игіліктер бойыңызға рухани азық болып жайылары сөзсіз.

Сауран қалашығы

Сауран – XII ғасырда ірі сауда орталығы ретінде іргетасы қаланған. Түркістанның солтүстік-батыс жағындағы 30 шақырым жерде орналасқан орта ғасырдағы қалалардың бірі.


Биіктігі 6 м қабырғамен қоршалған қалашықтың өлшемі солтүстік шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 800 м. солт.-батыстың оңт.-шығысқа қарай 500 м мәдени қабатының биіктігі 2 м. Сауран туралы алғашқы деректер X ғасырдағы еңбектерде кездеседі. Ол кезде Сауран Сырдария алабындағы маңызды стратегиялық және сауда орталығы ретінде

белгілі болған. Араб тарихшысы Мақдисидің шығармасында «Сауран жеті қабат дуалмен қоршалған үлкен қала, оның ішінде рабат, мешіт бар» деп жазған. Шыңғыс хан шапқыншылығына байланысты оқиғаларда Сауран туралы деректер кездеспейді. XIII ғасырдың орта шенінде Сауран Ақ Орданың астанасы болды. XIV ғасырдың аяғында қаланы Әмір Темір әскери қамалға айналдырған.

Тарихына қысқаша тоқталсақ, Орта-ғасырлар кезінде Сырдария өзенінің ортаңғы ағысындағы аймақты Түркістан өлкесі деп атаған. Сол өлкенің аса гүлденген қалаларының бірі Сауран еді. Ертеректегі деректерде Сауранның жеті қатар қорғаныс қабырғасы бар деп айтады. Дешті-Қыпшақ даласы мен егіншілікпен айналысқан өлкенің қақ ортасында орналасқан шаһар дала халқы мен қала тұрғындарын байланыстырған, сауда-саттық орталығы болған. Арабтың географы әл-Мағдиси: «Сауран (Савран) – үлкен шаһар, ол бірінен соң бірі салынған жеті қабырғамен қоршалған. Рабаты бар, мешіті ішкі шаһарда орналасқан. Ол оғыздар мен қыпшақтардан қорғауға арналған шекаралық шаһар» деп жазған. Ұзақ уақыт аралығында шаһар Қазақстанның оңтүстігіндегі сауда мен қолөнерінің ірі орталығы болып, мәдени дамудың бесігіне айналды.

Отырар қалашығы

Отырар (Тұрарбанд, Тұрар, Тарбанд, Фараб) – ортағасырлық қала орны. Түркістан облысы Отырар ауданының Темір темір жол стансасынан солтүстік-батысқа қарай 7 км жерде орналасқан. Отырар 8 ғасырдың басынан Тарбанд (Трабан) деген атаумен белгілі. Бұл атау Күлтегін және Білге қаған құрметіне арналған көне түркі жазбаларда кездеседі. VIII ғасырдың араб географы Якут «Тарбанд, Тұрар, Тұрарбанд пен Отырар – бір қала» деп жазады. Араб тарихшысы Табаридің Отырар патшасын әл-Мамун халифтың жауларының бірі деп атағанына қарағанда, Отырар IX ғасырдың өзінде-ақ ірі қала болған. X ғасырдағы жазбаларында Кедер деген орталық қаласы бар Фараб аймағы аталады. Ал Фараб Кедерден көне қала екені әл-Мақдисидің еңбегінде жазылған. Оның айтуынша, бас қала аймақ есімімен Фараб аталған. X ғасырдан кейін Кедер тарихи және географиялық жазбаларда аталмайды, оның орнына астана да, аймақ та Фараб делінген. Отырар V - XV ғ-ларда Арал бойындағы көшпелі тайпалармен сауда жасайтын Иран мен Орта Азиядан Сібірге, Моңғолияға және Қытайға қатынайтын сауда жолындағы маңызды қала болды. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, қалада сол кезде өлемдегі аса ірі кітапхана және көптеген мешіт-медреселер болған.



Суретте: Сауран қалашығы

кесенесі, Арыстан баб кесенесі (XII ғ.), Ибраһим ата кесенесі (XI-XII ғғ.), Қарашаш ана кесенелері (XI-XII ғғ.), Қарабура кесенесі, Баба Түкті Шашты Өзіз кесенесі, Бәйдібек би кесенесі, Домалақ ана кесенесі, Үкаш ата мазары (IX-X ғғ.), Исмайл-ата сәулет кешені (XI-XIX ғғ.), Сондай-ақ, саяси, тарихи оқиғаларға байланысты 15 орын «Қазақстанның киелі орындарының географиясы» тізіміне енгуге лайық деп танылды. Олардың ішінде Ордабасы тауындағы «Бірлік» монументі енді.

Сарапшылардың елегінен өткен «Киелі орындардың» тізіміне енген Түркістан өңіріндегі тамаша тарихи мекендерге қысқаша саяхаттайық.

Киелі Қазығұрт тауы

Түркістан облысы орталығынан 300 шақырымға жуық қашықтықта орналасқан Қазығұрт тауы. Адамзаттың тал бесігі саналатын киелі тау. Иә, олай деп

ғу үшін туристер көп қызығушылық танытады.

Жылаған ата үңгірі

Жылаған ата бұлағы мен үңгірі еліміздің ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткішінің қатарында. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі ерекше ықыласымен атаған Жылаған ата бұлағы мен үңгірі Қарт Қаратаудың күнгей бетінен теріскейге ойысар тұсында орын тепкен. Жету қиыры қиын таулы тасты мекеннен өз автокөлігіңізбен өту әрине, мүмкін емес. Түркістан қаласынан түп-тура 87 шақырым қашықтықта жатқан қасиетті жерге тарихы өткен ғасырлардан сыр шертетін Қарнақ ауылы арқылы өтіп, Үкаша ата кесенесінен 40 шақырымды дәл Қаратаумен беттейсіз. Бастауын тау бөктерінен алатын Абай өзенін 20 шақты рет кесіп өтуге тура келеді. Асудан асар белдің қорқынышы бір бөлек.

Жолай, қырқа жоғарысында орналас-

Созақ қалашығы

«Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары» кітабында Созақ қалашығы туралы былай жазылған: «Созақ – Қазақ хандығының ең бірінші астанасы болған қала. 1465-1469 жылдар аралығында Керей мен Жәнібектің ордалары осы қалада тігілген екен. Әбілқайыр ханның өлімінен соң басталған билік үшін таласта Созақ қаласынан хан ордасы көшірілген. Осыдан-ақ екі мың жылдық тарихы бар бұл қаланың ерекше мәнге ие болғанын көреміз.

Археологиялық зерттеулер Созақ қалашығының тарихы екі мыңжылдан асатынын айтады. Қазақ хандығының дамып, өркендеуінде ерекше үлес қосқан Созақ қалашының орын тепкен жері Қаратаудың батысында, қазіргі Созақ ауылының

қалаларының бірі болғандығы орыс деректерінде айтылады.

Сайрам қалашығы

Сайрам (Исфиджаб, Исфиджаб) – Оңтүстік Қазақстанның орта ғасырдағы ірі қалаларының бірі болған. Жұрты қазіргі Сайрам ауылының Оңтүстік-батысында, Шымкент қаласынан 12 км жерде. Сайрам жайлы алғашқы дерек Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінде кездеседі. Онда: «Сайрам – Исфиджаб деп аталатын ақ қаланың аты» делінген. Демек, Сайрам – Исфиджабтың кейінгі аты. 15 – 18 ғасырларда қазақ хандықтары кезінде Сайрам ірі сауда, қолөнер және діни орталық болған. Зерттеу жұмыстарын 1923 жылы П.П. Иванов, 1925 жылы М.Е. Массон, 1947 жылы Н. Бернштам

Самани мемлекетіне түгелдей бағынышты болған жоқ. Қала және оның аймағын жергілікті түркі тайпалары биледі. Исфиджаб аймағы өте үлкен болды. Оның шекарасы солтүстік-батыста Сауранға дейін, ал шығыста Талас аймағына дейін созылды. Исфиджаб аймағы саманилер арқылы мұсылман діні тарады да, енді ол оңтүстіктегі ірі сауда және мәдениет орталығы ғана емес, сонымен қатар үлкен діни орталыққа айнала бастады. X ғасырдың ақырында, яғни 990 жылы Исфиджаб Қарахан мемлекетінің қарамағына енді. Қарахан әскері саманилерді Исфиджаб аймағынан түгелдей ығыстырды.

Ордабасы ауданындағы «Бірлік» монументі

ТУРИСТІК НЫСАНДАР

тұсында болған. Бұл жерде орта ғасырға жататын екі қаланың орны бар екен. Алғашқысының аты Тарсатөбе деп аталады. Қала қазіргі ауылдың солтүстік-күншығысына қарай орналасқан. Ал келесісі ауылдың ортаңғы жағындағы жергілікті халық «Өргешігі» деп атайтын бұрынғы Созақтың орны. Ауылда бір емес екі бірдей қаланың ізі жатқанын тұңғыш айтқан қазақтың кемеңгер зерттеушісі Әлкей Марғұлан болатын.


Созақ қалашының аты жазба деректерде алғаш рет XIII ғасырдың ортасында армян патшасы Гетумның моңғолдың ұлы ханы Мөңкеге кездесу үшін жасаған сапарымен байланысты аталады. Елшілік моңғол астанасы Қарақорымнан қайтқан сапарында Хутухчин, Пергант, Сухул-хан, Уросо-хан, Кайканд, Хузақ, яғни Харчух тауы арқылы Сгнах пен Совран, Харчух, Асон, Отырар, Зернух арқылы Дизакқа жеткені жайлы жолжазбада көрсетілген.

Созақ қаласы осы аймақтағы басты қалалардың бірі болды. Қала көшпелі, жартылай көшпелі тіршілік кешкен малшылар мен ірі өзен-көлдердің жағалауларын мекендеген егіншілік пен сауданы басты кәсіп еткен отырықшы мәдениеттің түйісетін белдеуі саналған Қаратаудың солтүстік беткейіндегі жолаққа орналасқан.

Археолог-зерттеуші Ерзакович аталған қалашықты X-XIX ғасырлардың арасында болған 5 құрылыс қабатынан тұрады деп тұжырым жасады. Ал кейінірек 1982-1983 жылдары жасалған археологиялық топтың зерттемі Созақ қаласын X-XVIII ғасырларда өмір сүрген дейді.

Қаланың нағыз көркейген тұсы Қазақ хандығының құрылғандығымен тығыз байланысты. Археолог Ақышевтің мәліметінше, Созақ қаласы арқылы хандықтың басты қалаларына апаратын Суындық, Ақсүмбе секілді асулар өткен. Міне, сол себепті де бұл қала сауда-экономикалық маңызға ие болған. Созақ – Қаратаудың теріскейінде Дешті қыпшақтың даласынан Түркістан мен Отырарға, Сауран мен Сайрамға, батыс жақтағы Аралдың маңайындағы қалаларға, Шу мен Таластағы ірі орталықтарға апаратын жолдың түйісер тұсында орналасқандығымен маңызды.

Қазақ хандығының тірегі ретінде Созақтың маңызды орталық болғандығын көруге болады. Жоңғар шапқыншылығы кезінде Созақ ірі бекіністің біріне айналды. Жоңғарлардың жойқын шабуылдарына төтеп беріп жатқан қазақ әскерлерін азық-түлікпен, қару-жарақтармен қамтамасыз етіп отырған. Созақтың ірі қала болғандығы тіпті орыс жазбаларында да ұшырасады. Әбілмәмбет ханның тұсында (1743-1745 жж.) Созақ Отырар, Түркістан, Сауран, Өгізтаумен бірге Қазақ хандығының басты орталық



Суретте: «Жылаған ата» үңгірі

басқарған. Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргізген қазба жұмыстары барысында айналдас төрт қақпалы дуалмен қоршалған, көлемі 28 га жерді алып жатқан қала орны анықталған. Қала ішінде көптеген мазарлар сақталған. Ең көнесі – Падишаһ Мәлік баба мазары. Бұл ескерткіштер 9 – 18 ғасырларға жатады. VI ғасырда тез өсіп жетілген Исфиджаб оңтүстіктегі ірі сауда және мәдениет орталығына айналды. VII ғасырда Орта Азияға арабар келген кезде бұл қала гүлденіп тұрған еді. 714 жылы араб әскерінің қолбасшысы Кутейба Шаш (қазіргі Ташкент) қаласын алғаннан кейін Исфиджабқа үлкен жорық жасады. Бірақ бұл төңіректегі елдің күшті қарсылығы арқасында көп ұзамай кейін шегінді. Исфиджабты өз резиденциясына айналдырмақшы болған араб қолбасшысының жоспары жүзеге аспады. IX ғасырдың басында Исфиджаб қарлұқ мемлекетінің құрамына енді. 840 жылы қарлұқ көсемі және Исфиджаб басшысы Білге Құл Қадырхан қаған атағын алды. Бірақ сол жылы Исфиджаб Орта Азиядағы саманилер шабуылына ұшырады. Саманилермен болған шайқаста Білге Құл Қадырхан қаза табады. Мұнан кейін мемлекет билігіне оның екі ұлы таласты. Үлкен ұлы Базар Арсыланхан Баласағұн (Шу өзенінің бойындағы қала) аймағын билейді, ал екінші ұлы Оғұлшақ Қадырхан Тараз (бұрынғы Талас қаласы) аймағын билейді. Тараз қаласын 993-жылы саманилер басып алғанда, Оғұлшақ Қашқарияға қашуға мәжбүр болады. 840 жылы саманилердің Самарқандағы билеушісі Нұх ибн Асад Исфиджабты жаулап алады. Бұл аймақты жер өңдеу мәдениеті сол заманда аса күшті дамыған болатын. Самани билеушісі Исфиджабты және оның аймағындағы егістік (жүзім мен астық) жерлерді сыртқы шапқыншылықтардан қорғау үшін көптеген қорғандар соқтырды. Алайда Исфиджаб

Ордабасы ауданындағы «Бірлік» монументі «Қазақстанның киелі орындарының географиясы» тізіміне енуге лайық деп танылды. Монументтің биіктігі 28 метр болса, төменгі шеңбер диаметрі сегіз метрге жетеді. Ескерткіштің үш бұрышындағы стелалар ақ мәрмәрдан жасалған, олар үш бидің тұлғасын білдіреді.

Оның батыстағы қыры Сырдарияға, солтүстік қыры Қаратау тауларына, ал оңтүстік-шығыс қыры болса киелі Қазығұрт тауларына қарай бағытталған. Ескерткіштің әр бетінде Төле, Қазыбек, Әйтеке айтып кеткен ұлағатты сөздер тасқа қашалып, жазылған.

Елбасы: «Ордабасы – ел жүрегі, жер кіндігі» десе, Әбіш Кекілбаев: «Ордабасы – қазақ рухының қағбасы» деген еді. Өкінішке орай, отаршылдық кезеңінде тарихты талқандағысы келген солақай саясат сонау заманнан ата-бабадан қалған қорғандар мен қорымдарды түгел тонаған. Осыдан Ордабасы ғана емес, Оңтүстіктің Созақ пен Сыр бойы, Қаратау мен Қазығұрт, Алатау мен Түркістан, Сайрам мен Отырардың тұтас астанкестені шыққан.

Халқымыздың басын біріктірген киелі тауда еліміздің Тұңғыш Президенті үш бидің рухын мәңгі құрметтеу үшін монумент орнату жөніндегі қойылған белгітасты ашып берген еді.

1997 жылы көктемнің алғашқы айында «Бірлік» монументінің құрылысы басталып, оған облыстағы бірнеше мекеме мен қолынан іс келетін азаматтар көмек қолын созды. Сол жылдың 19 қыркүйегінде ескерткіштің ашылу салтанаты болып, оған Елбасының өзі қатысты.

Монументтің ортасына бекітілген шаңырақ бар. Сол шаңыраққа «Ынтымағымызға көз тимесін» деген ниетпен тұмар ілінген. Ал төменірек тұрған шашбау-сылдырауық «Ел мен жерімізді қорғандар, құлақтарың әрдайым түрік жүрсін» деген ұлы билердің ескертпесі секілді

КҮЛТӨБЕ ҚАЛАШЫҒЫ АШЫҚ АСПАН АСТЫ МҰРАЖАЙЫНА АЙНАЛАДЫ

Түркістан аумағындағы алғашқы қалалық қоныстардың бірі - 27 гектар жерді алып жатқан Күлтөбе қалашығын қайта қалпына келтіру мақсатында Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты Қазақ ғылыми - зерттеу мәдениет институты 2018 жылдан бері археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келеді, деп хабарлайды «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің баспасөз қызметі.

Үздіксіз жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде қоқан және қазақ хандығы тұсындағы үйлердің орындары, XVII-XIX ғғ. тән қыш-құмыралар, басқа да түрлі құнды жәдігерлер табылған.

Еліміз ғана емес түбі бір түркі жұртының рухани орталығы - Түркістан қаласындағы тарихи-мәдени орындарды қайта жаңғырту, зерттеу және туристік орталыққа айналдыру мақсатында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің үш жылға арналған даму жоспары бекітіліп, жүзеге асырылып жатқаны белгілі.

Бүгінде Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі аумағындағы тарихи орындарда қайта қалпына келтіру жұмыстары, ортағасырлық Күлтөбе қалашығы, Хан ордасы мен мешіті орналасқан магистралды көше бойында археологиялық қазба жұмыстарымен қатар, Қылуат жерасты мешіті (XII ғасыр), Жұма мешіті (XII-XIX ғ.), Рабия Сұлтан Бегім кесенесі (XVI ғасыр), Шилдехан (XIV-XV ғғ.), Шығыс моншасы (XVI) тағы басқа орындарда ауқымды шаралар қолға алынған.

2019–2021 жылдарға жоспарланған археология және реставрация жұмыстары аясында көне қалашық аумағында табылған тарихи орындарды бастапқы келбетіне сай қабырғасын қалау, сондай-ақ туристердің аралап, танысуына ыңғайлы галереялық жолдар салу сияқты бірқатар іс-шаралар атқарылды.

Күлтөбе қалажұртында әлі де ашылмаған тарихи сырларды зерттеп, анықтау, ЮНЕСКО және ИКОМОС халықаралық сараптамалық қоғамдастығы ұсынған Күлтөбе қалажұртындағы маңызды тарихи орындарды сақтау және қалпына келтіру, археологиялық парктің ғылыми тұжырымдамасын әзірлеу және әр түрлі әлеуметтік бағыттарға арналған – габдатханалар, үйлер, қолөнер шеберханалары және өзге де тарихи археологиялық нысандардың 3D үлгісін жасау, тарих, археология, этнография, мәдениеттану және өнертану тұрғысынан Күлтөбе қалажұртын зерттеудің өртүрлі аспектілеріне арналған монография, ғылыми жинақ, иллюстрациялық альбом және бірқатар ғылыми мақалалар форматында жарияланымдар ұйымдастыру жоспарланған.

Жобаның демеушісі - ERG компаниясы. Айта кетейік, біздің заманымызға дейінгі II ғасырдан бастау алатын Қазақстандағы алғашқы сәулет құрылыстары бар Күлтөбе қалашығы бірқатар деректерде Күлтөбе Ясы (Асон) деп аталады. Алғаш рет Ясы атауы моңғолдардың ұлы ханы Менгудің ордасына Қазақстанның оңтүстік аймағы арқылы сапар шеккен армян патшасы I Гетумның жолжазбасында кездеседі.

«Айғақ»-ақпарат.

Микрокредит беру туралы және ломбардта заттарды кепілге салу туралы келісімшарттың үлгі талаптары

Микрокредит беру туралы келісімшарттың үлгі талаптары « Ұлы Шың» Ломбард» ЖШС жалғыз қатысушының 26 мамыр 2020 күнгі №3 шешімімен бекітілген. 26 мамыр 2020 күннен бастап күшіне енеді.

